

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 маусым 1994 ж. N 696

"Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының /ҚМБЭБИ/ қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1605 К941605_ қаулысын орындау үшін және басқару жүйесі кадрларын даярлауға қажетті жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сондай-ақ халықаралық оқу және ғылыми байланыстарды қаржыландыруға, шетелдік әдебиеттерді алуға және шетелдік мерзімді басылымдарға жазылуға жыл сайын қаражат бөлінуін көздесін;

ҚМЭБИ-ның өтінімдері негізінде жыл сайын шетелден шақырылған оқытушыларға Алматы қаласында жалға алынатын пәтерлердің шығынын өтеу үшін республика бюджеті есебінен қажетті қаражат бөлуді көздесін;

ҚМЭБИ-ке Еуропа Экономикалық Қоғамдастығы, сондай-ақ басқа да шетелдік мемлекеттер мен жеке фирмалар жіберген қайырымдылық жүктерін баж салығын төлеусіз алуға рұқсат етсін;

мыналар:

- шет тілін білетін және оны жұмыс барысында үнемі қолданатын қызметкерлерге лауазымдық жалақысының 15 проценті мөлшерінде қосымша ақы төлеу;

- жұмыс орны бойынша еңбек ақысы сақталатын тыңдаушыларды қоспағанда, ҚМЭБИ тыңдаушылардың стипендияларын Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарының аспиранттарына белгіленген мөлшерде тағайындау;

11 автомашинаға, оның ішінде 8-і қызмет бабында пайдаланылатын автомобильге лимит беру;

Ескерту. 1-тармақтан оныншы абзацы алынып тасталған - ҚРМҚ-інің 21.08.1995 ж. N 1143 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармақтың 5-ші абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен. P960031_

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі ҚМЭБИ-ге баспа қызметін жүргізуге құқық берсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ҚМЭБИ-мен контракты бойынша жұмыс істейтін шетелдік оқытушылардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көліктің барлық түрімен (таксиден басқа) жүргенде қызмет көрсетілгені үшін ұлттық валютамен есеп айырысуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі ҚМЭБИ профессор-оқытушы құрамын медициналық жағынан қамту үшін тіркеуге алуды қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне ҚМЭБИ-мен бірлесе отырып басшы қызметкерлерді және жергілікті басқару органдарының мамандарын даярлау үшін менеджмент жөнінде тұрақты жұмыс істейтін курстар ұйымдастыру ұсынылсын. Жергілікті әкімдер аппараттары қызметкерлерін оқытуға байланысты барлық шығындар жергілікті бюджеттердің есебіне жатқызылсын.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы

Күзет бас басқармасымен шарттық негізде ҚМЭБИ-дің тәуліктік күзеті қамтамасыз етілсін. Күзетті ұстауға арналған қаражат ҚМЭБИ-дің шығыстар сметасында көзделсін.

<*>

Ескерту. 6-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-інің 21.08.1995 ж.
N 1143 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі